

**6D010300 «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған ізденуші диссертант Жабыкбаева Динара Маратовнаның «Мәңгілік Ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың ғылыми негіздері» тақырыбында дайындаған диссертациясы бойынша тағайындалған ресми рецензент Ибрагим Қайрат Әменұлының жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамыту бағдарламаларына-Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері Қазақстан Республикасы үздіксіз білім берудің тәрбие тұжырымдамасына, «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім берудің тәрбие тұжырымдамасын», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы және «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне» сәйкес бекітілген. Сонымен қатар «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Елбасы Жолдауындағы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірде іске асырудың негізі мектепте қалануы тиіс», - деп көрсетілген. Мектеп және

			<p>колледждердің білім беру жүйесінде «Мәңгілік Ел» идеясы жастарды жоғары руханилық, азаматтық ұстаным, әлеуметтік жауапкершілік қазақстандық қоғам игілігі үшін еңбек ету дайындығын, жаңа қазақстандық патриотизм мен бірігу сезіміне тәрбиелеуге бағытталған. «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру аясында қоғамдық-гуманитарлық циклды пәндердің (қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі, орыс әдебиеті, Қазақстан тарихы) оқу бағдарламаларының базалық мазмұнына Қазақстан Республикасының бірінші Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 15 желтоқсанда сөйлеген «Тәуелсіздік толғауы» мәтіні енгізілді. Пәндерді оқыту оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін және патриоттық сезімдерін, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын өмірде жүзеге асыруға деген ұмтылысын, азаматтық жауапкершіліктерін қалыптастыруға, ұлттық өзіндік сана мен төзімділікті дамытуға, зайырлы құндылықтарды нығайтуға және жастардың терроризм мен экстремизм идеологиясын саналы түрде қабылдамау,</p>
--	--	--	---

			этносаралық және мәдениетаралық байланыс жағдайында қарым-қатынас жасау біліктілігін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар диссертант тақырыпқа сәйкес келесі мемлекеттік бағдарламаларды да қарастырған.
		<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); _____</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>1.3 Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес: Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында (11-бап, 3-тармақ) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарының бірі былай көрініс тапқан: «... азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, халық дәстүрлерін құрметтеу қажеттігі айтылады.</p> <p>2014 жылғы 17 қаңтарда Қазақстан Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Мәңгілік Ел» идеясын білдірді. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының мәні – қазақстандықтардың бірегей тарихи мақсатты,</p>



			<p>болашақ дамуға бағытталған ұлттық және мемлекеттік мүдделерді басшылыққа алуында. Ұсынылып отырған ұлттық идея қазақ халқының сан ғасырлық тарихына және халықтың ұлттық болмысы мен салт-дәстүріне, әдет-ғұрпы мен рухани мұрасына негізделген сананы жаңғыртуға негізделген.</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертанттың диссертациялық жұмысы мазмұнынан ғылымға маңыздылығы және елеулі үлес қосқандығын мектепте және колледжде гуманитарлық пәндерді оқыту арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеудегі өзекті мәселелері қарастыруынан байқаймыз. Оның айғағы, «Ұлттық тәрбие және таным» тақырыбында дайындаған бағдарламасы тәжірибеге енгізіліп, енгізу актісі алынған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жоғары;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) төмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмысты дайындау кезінде диссертанттың өзі жазу принциптеріне негіздеген өзіндік үлесі жоғары деңгейде. Диссертацияда алыс, шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне сүйеніп, зерттеудің педагогикалық шарттары анықталды, теориялық</p>

			<p>модель құрастырылды және осы модельдің негізгі тұжырымы эксперимент ретінде дәлелденді. Автор алынған нәтижелері бойынша «Ұлттық тәрбие және таным» атты бағдарламасын әзірлеп, оқу процесіне енгізді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертацияның өзектілігі ғылыми әдебиеттердің шолуынан анықталып отыр. Қазіргі таңда азаматтық-патриоттық тәрбие өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Біріншіден, мемлекеттік саясатқа сай. Екіншіден, диссертацияда қойылған мақсат-міндеттері, алынған нәтижелер қазіргі мемлекетіміз және Президенттің «Жаңа Қазақстан» бағдарламасымен үндес. Сондықтан азаматтық-патриоттық тәрбие мектеп қабырғасынан басталуы керек. Диссертацияның ішкі бірлік принципі өзектілікке толық негізделген.</p>
		<p>4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды</p>	<p>Диссертацияның мазмұны аталмыш зерттеу тақырыбын айқындайды. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, тұжырымдар мен қорытындыдан, пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімінен тұрады.</p>
		4.3. Мақсаты мен міндеттері	Диссертация

		<p>диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.</p> <p>Зерттеудің мақсаты - жалпы білім беретін мектептердің 10-11 сынып оқушыларының, колледждер мен жоғары оқу орындары студенттерінің оқу-тәрбие процесінде азаматтық-патриоттық сезімдерін қалыптастырудың тиімділігін арттырудың педагогикалық шарттарын теориялық тұрғыдан негіздеу және оларға әдістемелік талдау жүргізу.</p> <p><b>Зерттеу міндеттері:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларын, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін азаматтық-патриоттық тәрбиелеудің мәнін, құрылымын, міндеттерін анықтау.</li> <li>Оқу-тәрбие процесінде оқушылар мен студенттерді отансүйгіштікке тәрбиелеу мүмкіндіктерін ашу;</li> <li>- оқу процесінде оқушылардың патриоттық сезімін қалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау;</li> <li>- арнайы және элективті педагогикалық пәндерді оқытуда жоғары сынып оқушылары мен</li> </ul>
--	--	---	---



			студенттердің патриоттық сезімдерін қалыптастыру әдістемесін жасау және эксперименталды тексеру.
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ _____</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан.</p> <p>«Мәңгілік Ел» идеясы негізінде қазақстандық жастарды тәрбиелеудің ғылыми-теориялық негіздері» деп аталатын бірінші бөлімінде – жалпы білім беретін мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында оқушыларға патриоттық тәрбие берудің педагогикалық негіздері, патриоттық тәрбие берудің мүмкіндіктері айқындалды.</p> <p>«Мәңгілік Ел» идеясы негізінде қазақстандық жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамыту жолдары» деп аталатын екінші бөлімінде – қазақстандық жастардың патриоттық-азаматтық тәрбиесін дамыту бойынша эксперимент нәтижелерін қамтиды; оқу процесінде студенттер мен тәрбиеленушілердің патриоттық сезімін дамытудың негізделген педагогикалық шарттары мен әдістері анықталған</p>
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен	Автор ұсынған жаңа шешімдерге тоқталатын болсақ мектептің 10,11-сыныбы мен колледждің оқу-тәрбие үдерісінде

		салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	оқушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін «Мәңгілік Ел» идеясы аясында дамытуды теориялық тұрғыда негізделіп, ғалымдардың ой-пікірлеріне өзіндік интерпретация бере білген. Мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25- 75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып	Диссертациялық жұмыстың <b>ҒЫЛЫМИ</b> жаңашылдық принципіне негізделіп, ғылыми нәтижелер мен <i>қағидаттар толығымен жаңа</i> болып табылады. Атап айтсақ: -оқу-тәрбие үрдісінде патриоттық және азаматтық тәрбие берудің мүмкіндіктері ашылды; - оқу процесінде азаматтық-патриоттық сезімдерді қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды; - жалпы білім беретін мектептердің 10-11 сынып оқушыларын, колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін азаматтық-патриоттық тәрбиелеудің мәні, құрылымы мен міндеттері айқындалды; -осы қағидалар оқу процесіне енгізілген арнайы бағдарламамен дәлелденді.



		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25- 75% жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады.</p> <p>- «Мәңгілік Ел» идеясы аясында 10,11-сынып пен колледждің педагогикалық үдерісінде оқушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың жолдары, теориялық жүйесі айқындалды;</p> <p>- авторлық «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасы 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың педагогикалық тәжірибесінде қолдану арқылы олардың азаматтық бірегейлігі мен патриоттық тәрбиесін дамытуда мүмкіндіктері анықталды;</p> <p>- «Мәңгілік Ел» идеясы аясында 10,11-сынып пен колледждің педагогикалық үдерісінде оқушы жастардың азаматтық пен патриоттық тәрбиесін дамытуға бағытталған авторлық «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасының тиімділігі жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік арқылы іс жүзінде дәлелденді.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;  2) жартылай жаңа (25- 75%</p>	<p>Технологиялық және басқару шешімдері жаңа және толығымен негізделген. Докторант жаңа әдістемелік және ғылыми аппаратты жұмысында қолданған.</p>

		жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеу жұмысының барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Өйткені, зерттеу жұмысының теориялық тұжырымдамалары және практикалық нәтижелері 12 ғылыми еңбекте жарық көрген: 2 – Scopus библиографиялық және реферативті деректер базасына енгізілген журналдарда, 3 – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған баспа басылымдарында, 3 – шетелдік рецензияланған журналдарда, 4 - халықаралық және республикалық конференциялар материалдарында
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі:	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар: 7.1. қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар <i>дәлелденген</i> . 7.2. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар <i>тривиалды емес</i> . 7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа. 7.4. Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең.

		<p>1) тар; 2) орташа; 3) кең</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) Ия; 2) Жоқ</p>	<p>7.4. Зерттеу жұмысының негізгі қағидаттары ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus базасына енген шетелдік басылымда, халықаралық және республикалық конференцияларда, ғылыми-әдістемелік жинақтар мен журналдар, оқу құралдарында жарияланған мақалалармен дәлелденген.</p>
8.	<p>Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) ия; 2) жоқ</p>	<p>Зерттеу жұмысында қолданған дереккөздерге: мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға, тұжырымдамалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, электрондық оқу құралдары, педагогиканың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері мен автордың педагогикалық, ғылыми іс-тәжірибелеріне негізделген нақты әдістеме ұсынылған. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі сақталған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау</p>	<p>Диссертацияның нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу өзіндік интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып компьютерлік технологиялардың</p>



		әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	көмегімен түрлі сызбалар, диаграмма, тапсырмалар құрастырылған. Эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар математикалық-статистикалық әдістермен өңделген.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының теориялық қорытындылары, «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды, «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың әдістемесі эксперименттік зерттеулермен дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәліметтер өзекті және шынайы ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасалынып расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті қарастырылған. Зерттеу тақырыбы бойынша шетел, алыс, жақын және отандық ғалымдардың еңбектеріне жан-жақты талдау жүргізілген.

			Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 197 дана.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	<p>Диссертацияның практикалық құндылық принципіне келетін болсақ, теориялық тұрғыда маңызды. Оның дәлелі:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Мәңгілік Ел» идеясы аясында 10,11-сынып пен колледждің педагогикалық үдерісінде оқушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың жолдары, теориялық жүйесі айқындалды;</li> <li>- авторлық «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасы 10,11-сынып оқушылары мен колледждегі білім алушылардың педагогикалық тәжірибесінде қолдану арқылы олардың азаматтық бірегейлігі мен патриоттық тәрбиесін дамытуда мүмкіндіктері анықталды;</li> <li>- «Мәңгілік Ел» идеясы негізінде дамытудың педагогикалық шарттары анықталып, мектептің 10,11-сынып оқушылары мен колледжде білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынды;</li> <li>- «Мәңгілік Ел» идеясы аясында 10,11-сынып пен колледждің педагогикалық үдерісінде оқушы жастардың</li> </ul>

			азаматтық пен патриоттық тәрбиесін дамытуға бағытталған авторлық «Ұлттық тәрбие және таным» бағдарламасының тиімділігі жүргізілген тәжірибелік-эксперимент арқылы іс жүзінде дәлелденді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында 10,11- сынып оқушылары мен колледждегі білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуға бағдарланған «Ұлттық тәрбие және таным» авторлық бағдарламасы дайындалып, нәтижесі тәжірибеде дәлелденген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25- 75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында 10,11- сынып оқушылары мен колледждегі білім алушы жастардың азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытуға бағдарланған «Ұлттық тәрбие және таным» авторлық бағдарламаны тәрбие үдерісінде негізге алған жөн.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен	Зерттеу жұмысының академиялық жазу және ресімделу сапасы жоғары және талаптарға сәйкес орындалған.



Қорытындылай келе, диссертациялық жұмысты оқып, талдай отырып жоғарыда айтылған жетістіктермен қатар келесі ұсыныстар мен кемшіліктер айтуға болады:

1. Менің ойымша, жасалынған «Ұлттық тәрбие және таным» авторлық бағдарламасы мектеп пен колледждермен қатар, ЖОО оқу үдерісіне енгізілсе деген пікірдемін.

2. Диссертациялық жұмыс «Мәңгілік Ел» және азаматтық пен патриоттық тәрбие мәселесіне арналғандықтан, қазақтың өткен тарихындағы жеке тұлғалардың азаматтық болмысы жайында кеңірек ашып, арнайы тоқталып кеткенде дұрыс болар еді.

3. Сіз, осы мәселені келешекте толықтыра отырып, мектептің сатылық және сыныптық / I саты, 1-4 сынып; II саты, 5-9 сынып/ кезеңдерінде азаматтық пен патриоттық тәрбиені жүзеге асыруға бағытталған арнайы авторлық бағдарлама жетілдірсеңіз дұрыс болар еді.

Дегенмен, айтылған кемшіліктер жұмыстың негізгі мазмұны мен тақырыптың өзектілігіне айтарлықтай нұқсан келтірмейді.

Жабыкбаева Динара Маратовнаның «Мәңгілік Ел» идеясы аясында Қазақстан жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесін дамытудың ғылыми негіздері» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған талаптарына сәйкес орындалған.

Қорыта айтқанда, Жабыкбаева Динара Маратовна 6D010300 - «Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін иеленуге лайықты деп есептеймін.

**«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы  
«Алматы облысы бойынша  
кәсіби даму институты»  
П.ғ.к.**



**Қ.Ибрагим**